

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«**XXI** ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА-АНА:
ӨЗ БАЛАҒА ҮЛГІ БОЛ»

**10-11 сынып оқушыларының ата-аналарына
психология-педагогикалық көмек**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
КОМИТЕТІНІҢ ТАПСЫРЫСЫ
БОЙЫНША ДАЙЫНДАЛДЫ



Отбасылық Тәрбие Институты
Астана қ.

Конференция бағдарламасында:


1. ҰБТ-ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге **ата-ананың психологиялық көмегі**.
2. Жасөспірімнің **ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету**. Интернет-тәуелділік қалыптасуының алдын алу бойынша шаралар.
3. Кәмелетке толмаған балалардың **суицидтік (ауто-деструктивті) мінез-құлқының алдын алу**.
4. **Отбасылық құндылықтарды ілгерілету және нығайту**: бала тәрбиесі үшін отбасы берекесінің маңыздылығы.
5. **Жасөспірімдер ортасына деструктивті діни ағымдар енгізудің алдын алу** шаралары. Мектепте діни атрибутика кюге тыйым салу. Әрбір мектеп оқушысын бірыңғай үлгідегі мектеп формасымен қамтамасыз ету – ата-ананың әлеуметтік маңызды міндеті.
6. **Жасөспірімдер ортасындағы девианттық мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу**.
7. **Ата-ананың өзін-өзі талдауы: ЖАҚСЫ АТА-АНАНЫҢ ҚАНДАЙ ҚАСИЕТТЕРІ МЕНІҢ БОЙЫМДА БАР, ҚАНДАЙ ҚАСИЕТТЕРДІ ДАМУҒА ҚАЖЕТ?**

№1 ТАҚЫРЫП. ҰБТ-ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕГІ.


10-11 сынып оқушылары үшін маңызды міндет – ұлттық бірыңғай тест – ҰБТ-ға дайындық және оны тапсыру болып табылады. Жасөспірімдердің тыныштығы, сенімділігі, психологиялық тұрақтылығының ресурсы ең алдымен оларың ата-анасы.

- **Жоғары сынып оқушыларының әрбір ата-анасының, әрбір отбасының алдында орасан міндет тұр: өз балаға ересек өмірге өз күшіне нық сенетін тұлға ретінде; шығармашылық пен жасампаз еңбекке ынталы тұлға ретінде; мақсаткерлік пен табандылықты ту еткен тұлға ретінде қадам басуға көмектесу.**
- **Бізде әрбір жас – бозбала мен бойжеткен үшін жауапты кезеңде өз балаларының тағдырына алаңдамайтын, немқұрайлылық, жауапсыз енжарлық көрсететін, немесе, керісінше, бос үрейге бой алдырып, өз балаларын қорқытатын ата-аналар болмауы тиіс.**
- **Ата-аналарға өмірдің ең қиын және қорқынышты сәтінде көрсетілген қолдау бәрінен жоғары бағаланатынын және ұмытылмайтынын есте сақтау қажет. Және ата-ананың өз балаларын қалай түсіне аларлығы, олардың алаңдаушылықтарын қалай сезіне білерлігі олардың болашақта ересек балаларымен қарым-қатынасының қандай болмағын айқындайды.**

Әрбір ата-ана түсінуі тиіс: ҰБТ нәтижесінің маңыздылығы олардың баланың денсаулығы мен эмоционалдық саулығына алаңдаушылығынан басым болмауы керек.



Алда – бүкіл өмір, және жасөспірім оған өз күшіне деген нық сеніммен, ата-анасының оны түсінетінін және қолдайтынын сезініп, тіпті бәрі бірден қолдан келмесе де, алдағы уақытта қойған мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндігі боларына деген сеніммен қадам басуы тиіс.



Түлектердің ата-анасы қаперден шығармауы тиіс ең үлкен міндет : **ҰБТ-ға дайындық отбасын ыдыраптауы, керісінше, біріктіруі керек!** Отбасында өзара түсіністік, өзара қолдау, сыйластық пен махаббат әлеуеті өрбуі тиіс!

Қазақ халық даналығы: «Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады», - дейді.

Әрбір ата-ананы өз баласының тағдыры алаңдатады. Әрбір ата-ана балаларының өмірі ойдағыдай жақсы болғанын, дендері сау болғанын және бақытты болғанын қалайды.

Өзіңнің жоғары сыныпта оқитын балаңа қалай көмектесу қажет?

**Қысқа да айқын формуланы немесе ҮШ «С»
ЗАҢЫН есте сақтаңыз.**

Бірінші «С»: Жағдайды сыйлаңыз.

Оның жақсы тұстары мен жаман тұстарын қабылдаңыз.

ҰБТ — бұл біздің білім беру кеңістігіміздегі қалыптасқан шындық, және бұл фактімен санаспауға болмайды.

Өз күштеріңізді жағдайдың жақсы жақтарын барынша толық пайдалануға бағыттаңыз, сонымен қатар жаман тұстарын пайдаға айналдыра біліңіз.

Жағдайды сыйлай отырып, «ЕМТИХАН» сөзінің өзінен жаңа мағыналар табыңыз. Бұл, әлбетте, Сіздің балаңызды жігерлендіреді.

ЕМТИХАН – БҰЛ:

Е – еңбек бәрін жеңбек

М – миды жаттықтыру, мол мүмкіндіктер

Т – тынымсыз оқудың жемісі

И – игіліктер бастамасы

Х – хакімдікке ұмтылыс

А – арманды орындауға қадам

Н – несібе кепілі

ҰБТ – БҰЛ

Ұ – ұлағаттылыққа қадам

Б – біліммен мақтаныш

Т – тапқырлық таныту

ЕКІНШІ «С»: Жасөспірімді сыйлаңыз.

Оның өзін бағалауын көтеріңіз.

Оның өз күші мен қабілеттеріне
деген сенімін нығайтыңыз.

Оның жетістіктерін құптаңыз,
кемшіліктерін сынауға көп көңіл
бөлмеңіз.

ҮШІНШІ «С»:
Сүйіспеншілікпен ынталылық
танытыңыз.

Жасөспірімнің көңіл-күйі мен мінез-құлқындағы барлық нюанстарды уақытында аңғарыңыз.

Оған жүктемелерді организмнің физикалық және психологиялық ресурстарына күш түсірмей жеңуге көмектесіңіз.



Әрбір ата-түсінуі керек:

**ҰБТ нәтижесінің маңыздылығы
олардың баланың денсаулығы мен
эмоционалдық саулығына
алаңдаушылығынан басым болмауы
керек.**

АТА-АНАНЫҢ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАМҚОР БОЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.

Олар кез келген мектеп кезеңінде маңызды, бірақ ҰБТ-ға дайындық және оны тапсыру процесінде олардың маңыздылығы ерекше артады.

БІРІНШІ ЕРЕЖЕ:

Жасөспірімнің сабақ оқу режимін ата-ананың өзі бақылауға алуы және шамадан тыс артық күш жұмсауға жол бермеуі тиіс.

ЕКІНШІ ЕРЕЖЕ:

Сабақ оқу үшін ыңғайлы орын ұйымдастыру және үйдегілердің ешқайсысы (әпке-қарындас, аға-іні, ата-әже) жасөспірімге сабаққа дайындалуға кедергі жасамауын қадағалау міндеті ата-ананың мойнында.

ҮШІНШІ ЕРЕЖЕ:

Жасөспірімнің тамақтануына ерекше көңіл бөлу.

Ақыл-ойға қарқынды күш салу кезінде, оған құнарлы, алуан түрлі тағам мен дәрумендердің үйлестірілген кешені қажет.

Балық, ірімшік, жаңғақ, кептірілген өрік секілді тағамдар бас миының жұмысын жандандырады және оқу материалын меңгеруді жеңілдетеді.

ТӨРТІНШІ ЕРЕЖЕ:

Шаршау көп жағдайда сабақтардың тынығумен алмастырылмауынан туындайды.

Ата-ана жасөспірімге үйреншікті 40-45 минут сабақтан соң (мектептегі сабақтың ұзақтығы), дәл сондай үйреншікті 10 минуттық үзіліс жасау қажет екенін айтып отыруы керек.

Бұл уақытта жүрек жалғап алуға, терезе сыртындағы әсем табиғатты тамашалауға, аздаған жаттығу жасауға немесе душ қабылдауға болады.

БЕСІНШІ ЕРЕЖЕ:

Емтихан алдында жасөспірімнің «титықтағанша» оқу талпынысын қатаң түрде тоқтату қажет (егер сондай жағдайлар болса).

Білімді «шыңдау» үшін қажет деп айтылып жүрген «емтихан алдындағы түн», шын мәнінде шындыққа жанаспайды.

Сондықтан ата-аналар жасөспірімді тыныштандыру және оның тынығып, ұйқысын әбден қандырып алуы үшін, оған толыққанды демалысты қамтамасыз етуі тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Сізге бұл ережелер онсыз да белгілі және тым оңай болып көрінуі мүмкін.

Бірақ, сөзімізге сеніңіз, ең қарапайым нәрсе көп жағдайда назардан тыс қалып жатады.

Және біз ұмытуға болмайтын нәрселерді есімізден шығарып жатамыз.

АЛТЫНШЫ ЕРЕЖЕ:

Жасөспірім ата-анасының эмоционалды күйін асқан сезімталдықпен ұғынатынын және оған эмоционалды түрде жауап қататынын ұмытпау қажет.

Және, егер ересектер өздерін жеңе алмаса, қобалжу мен үрейді үдетсе, бұндай жағдайда жасөспірім еріксіз түрде осындай пайдасыз күйді «жұқтырады» және ең жауапты сәтте эмоционалды «мелшию» жағдайына түседі.

ЖЕТІНШІ ЕРЕЖЕ:

- Ата-аналар олардың талаптары мен үміттері жасөспірімнің мүмкіндіктерімен қаншалықты үйлесетіні жайлы ойлануы керек.
- **Жасөспірімді мектептегі жаппай жетістіктерге бағдарлаудың қажеті жоқ.**
- Одан гөрі оған жоғары бағаларды оп-оңай ала алатын пәндерді анықтауға көмектесіңіз.

СЕГІЗІНШІ ЕРЕЖЕ:

Егер жасөспірім барынша тырысса және сабаққа көп күш салса, мақтауға сараң болмаңыз.

Тіпті егер ҰБТ жоғары бағамен аяқталмаса да, жасөспірім ата-анасы үшін оның тырысуы мен жетістікке жетуге деген ынтасы маңызды екенін білетін болады.

Балаңыздың жетістіктерін басқа балалардың жетістіктерімен салыстырудың қажеті жоқ!

Оның жеке жеңістеріне, оның кешегі күнмен салыстырғанда бүгін қандай табыстарға қол жеткізгеніне назар аударған жөн.

Ең жоғарғы балл жинағаны үшін тым масайраудың да, төмен балл жинағаны үшін «қайғыға берілудің» де жөні жоқ.

Жасөспірімдерді қолдау бойынша ата-ана стратегиялары.

БІРІНШІ СТРАТЕГИЯ:

Өз балаңызға көбірек
күлімдеңіз!

ЕКІНШІ СТРАТЕГИЯ:

Өз балаңызбен көбірек сөйлесіңіз!

Оның сұрақтарына жауап беріңіз!

**Оның қобалжуы мен қорқыныштарын
талқылаңыз.**

ҮШІНШІ СТРАТЕГИЯ:

Құшақтауға жомарт болыңыз!

Өз балаңызды құшақтаңыз – физикалық байланысты ныштандырудың сенімді құралы болып табылады.

Әйгілі американдық отбасы психологы Вирджиния Сатир былай деп жазған: *“Жай ғана тірі болу үшін балаға күніне төрт рет құшақтау, ал қалыпты даму үшін он екі рет құшақтау қажет”.*

ТӨРТІНШІ СТРАТЕГИЯ:

Дұрыс, ынталандыратын, тыныштандыратын және баланың өзіне деген сенімін ұялататын ақыл-кеңес бере біліңіз.

Ата-ана ақыл-кеңестерінің үздік мысалдары мынадай:

«Сенің қолыңнан келетініне сенімдімін! Бәрі жақсы болады! Уайымдама, сабырлы бол! Өзіңе сенімді бол!».

«Сен ақылды әрі мықтысың! Мен сені мақтан тұтамын!».

«Қандай жағдай болса да, біз сені жақсы көреміз! Сен біз үшін үздіксің!».

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

**Не айтқыңыз келгенін,
махаббатқа толы жүрегіңіз
нені қаласа, соны айтыңыз!**



№2 ТАҚЫРЫП. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Интернет-тәуелділік қалыптасуының алдын алу бойынша шаралар.

Компьютер, интернет көмекші бола алады, бір жағынан жасөспірімнің жеке кеңістігіне үлкен қауіп төндіретін ақпараттық қоқыс әкелетін жау болуы да мүмкін.



Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – зиянды ақпарат, оның ішінде Интернет желісінде таралатын ақпарат алу арқылы баланың денсаулығына және оның дамуына (физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік) зиян келтіру қаупін жоюды білдіреді.

ИНТЕРНЕТ БАЛАЛАР ҮШІН НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

ҚАУІП ТҮРЛЕРІ:



Жасөспірімдер - қауіп тобында.

- Компьютерлік тәуелділік 6 жасар балаларда анықталады. Алайда ол 12-15 жасар жасөспірімдерде аса жиі пайда болады, сондықтан 16-17 жасқа қарай шешілуі қиын проблемаға айналуы мүмкін.
- Жасөспірімдік шақ – бұл өмірлік мақсаттар қалыптастыру, моральдық-адамгершілік бағдарлар жасау, әлеуметтік байланыстарды кеңейту кезеңі. Компьютерге тәуелді жасөспірім өзінің қарым-қатынас шеңберін интернетпен шектейді. Салдарынан – өмірлік тәжірибенің болмауы, маңызды мәселелерді шешудегі бойкүйездік, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтар



ӨЗ БАЛАҢДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ ҚАЖЕТ?

БҮКІЛӘЛЕМДІК ТОРДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРІНЕН ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРУҒА БОЛАДЫ?

Ата-ана **жеті кеңесті** мұқият орындауы қажет:




БІРІНШІ КЕҢЕС.

Балаңыздың Интернетте немен айналысатынынан хабардар болыңыз. Әрине, ересек жасөспірім, барлық жағынан дербестікке ұмтылады. Бірақ оған дербестік беру ата-анамен **НЕНІҢ** болатынын, ал **НЕНІҢ** болмайтынын анық келісім арқылы жүзеге асырылуы керек!

ЕКІНШІ КЕҢЕС.

Балалардан қандай чаттарға, топтарға, хабарландыру парақшаларына кіретінін және кіммен араласатынын сұрап біліңіз. Қадағаланатын чаттардағы қарым-қатынасын құптаңыз (спорт, музыка сабақтары бойынша сыныптастарымен, достарымен және т.б.) және балалардың тек ортақ чат терезелерінде ғана араласуын талап етіңіз.

ҮШІНШІ КЕҢЕС.



Балаларыңызға Интернетте қандай да бір адамға өзі туралы ақпарат бермеуі (мобильді телефон нөмірі, үй мекенжайы, мектебінің атауы мен нөмірі), сондай-ақ өзі мен отбасының фотосуреттерін орналастырмауы тиіс екенін түсінуге көмектесіңіз.

ТӨРТІНШІ КЕҢЕС.



Балаңызға оған және сізге белгісіз адамдардан жіберілген файлдарды ашуға болмайтындығын түсіндіріңіз. Бұл файлдарда вирустар немесе зиянды, агрессивті мазмұндағы фото/бейне болуы мүмкін.

БЕСІНШІ КЕҢЕС.



Балаңызға Интернетте кей адамдардың өтірік айтуы және өзі көрсеткен адам болып шықпауы мүмкін екенін түсінуге көмектесіңіз. Сіздің балаңыз ешқашан өз бетінше, ересектерсіз шынайы өмірде интернет-достармен кездеспеуі керек.

АЛТЫНШЫ КЕҢЕС.


Балаларыңызды Интернеттегі зиянды әреу ренжіткен немесе агрессивті сөздерге, кінәлауға, балағаттауға тап болған жағдайда, оларды дұрыс әрекет етуге үйретіңіз. Оларға бұндай жағдайларды Сізге айтуы тиіс екенін және Сіз міндетті түрде көмектесетініңізді айтыңыз.



ЖЕТІНШІ КЕҢЕС:

Сіздің үй компьютеріңізде сүзгілеу құралдарының орнатылғанына және дұрыс күйге келтірілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл жерде Сізге интернет-қауіпсіздік саласындағы маман көмектеседі. Қажетсіз контентті бұғаттауға мүмкіндік беретін бақылау құралдары бар (мысалы, MNS Premium's Parental Controls).

Жасөспірімнің компьютерге әуестенуі оның психикалық және физикалық денсаулығы, тұлғалық дамуы және әлеуметтенуі үшін қауіпті бола бастағандығының белгілері.



Жасөспірім оның назарын ойыннан басқаға аударуға тырысу кезінде агрессия танытады және Сіздің өтініштеріңізге жауап қатудан қалады.

Егер Сіз жасөспірімнің компьютерде өткізетін уақытын қысқартсаңыз, ол тұнжыраңқы күйге түседі. Жасөспірімнің күн тәртібі, тамақтану және ұйқы тәртібі бұзылады.

Мектеп оқушысында оқуда және/немесе құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар туындайды.

Жасөспірім Сізден желіде қанша уақыт өткізетінін жасырады.

Жасөспірім компьютерлер мен интернет туралы үнемі ойлайды және айтады, виртуалды шындыққа оралуын қуана күтеді.

КОМПЬЮТЕРГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ СЕБЕПТЕРІ.

Баланың түрлі компьютер ойындарынан алуы мүмкін қызықшылықтарға тоймауы.




Баланың қараусыздығы: бала еркіндікте, себебі ата-ана өз проблемаларын шешуден қолы босамайды. Ата-анасымен, сыныптастарымен, құрдастарымен қарым-қатынастың жетіспеушілігі.

Сыныптастары немесе құрдастары тарапынан физикалық немесе эмоционалды-психологиялық зорлық-зомбылық.


Баланың өзін бағалауы тым төмен немесе тым жоғары – шынайы өмірдегі сәтсіздіктер виртуалды өмірге сүңгуге түрткі болады.

- Отбасындағы ересектердің психо-эмоционалдық шиеленіс күйін тудыратын үнемі болатын ұрыс-керістері, олардан бала басқа жаққа қашқысы келеді.


КОМПЬЮТЕРГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ.




Жасөспірімнің әр түрлі жұмысбастылығын қамтамасыз етіңіз (үйірмелер, секциялар, қызығушылықтардың кең таралған спектрін құптау).




Ерте жастан бастап үйдегі міндеттерге баулыңыз.



Міндетті түрде жасөспірімнің шынайы өміріндегі – оқудағы, спорттағы, шығармашылықтағы кез келген жетістіктері үшін жігерлендіріп



стырыңыз. Күн сайын балаңызбен сөйлесіңіз. Оның өміріндегі оқиғалардан, қуаныштары мен күйініштерінен, проблемалары мен жетістіктерінен хабардар болыңыз.



Барлық қолжетімді құралдар арқылы оның ой-өрісін кеңейтіңіз (бірлескен саяхаттар, көрме, мұражай, театрларға бару).

КОМПЬЮТЕРГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ.



Балаңызды компьютерде ұзақ уақыт отырудың оның денсаулығына келтіретін зияндарымен таныстырыңыз (көру қабілетіне зиян, омыртқада проблемалардың пайда болуы).



Жасөспірім пайдаланатын компьютерлік ойындарға, бағдарламаларға цензура жүргізіңіз.



Жасөспірімге Интернетке бақылаусыз кіруге рұқсат бермеңіз. Онымен бірге белгілі бір сайттарға кіруге тыйым салу жолдарын ойластырыңыз.



Компьютерді танымдық және білім алу мақсаттарында пайдаланыңыз.



Жасөспірім үшін белгілеген ережелеріңізді өзіңіз бұзбаңыз.

№3ТАҚЫРЫП. Жасөспірімнің суицидтік (ауто-деструктивті) мінез-құлқының алдын алу.

Өзіне-өзі қол салу бүгінгі күні қоғамдық денсаулық сақтау саласының негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Психологиялық және эмоционалдық тұрғыда аса әлсіз әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастар арасындағы өзіне-өзі қол салу ерекше өткір тұр.

Өзіне-өзі қол салу жиілігі жағынан жастар өлімінде екінші орында тұр, ал егер суицидтің зорлықпен өлтірудің басқа түрлерімен жасырынған жағдайларын ескерсек, бәлкім, бірінші орында да шығар. Әлемдік статистика көрсетіп отырғандай, соңғы 30 жылда 10-14 жас аралығындағы балалар суициді 8 есеге артқан. Ер балаларда суицидтілік «шыңы» 11-14 жасқа, қыз балаларда 15-18 жасқа келеді.

Жасөспірімдер суицидін болдырмауда жасөспірімді эмоционалдық қолдаудың басты ресурсы ретінде **отбасының** рөлі ерекше.

- Жасөспірімдердегі суицидалдық мінез-құлықтың себептері мен ерекшеліктері олардың **тұлғалық тұрақсыздығынан** туындайды. Қарама-қайшы сипаттар, ұмтылыстар, ағымдар бірге өмір сүреді, бір-бірімен күреседі, сөйтіп есейіп келе жатқан баланың мінезі мен өзін ұстауындағы қайшылықтарды көрсетеді.
- Ата-анасымен және сыныптастарымен қарым-қатынасы дұрыс қалыптаспаған жасөспірім өзін жалғыз, бөтен және түсініксіз сезінеді. Бұған өмірді қараңғы етіп көрсететін түңілу сезімдері қосылады. Осылайша **ауыр уайымдар пайда болады және түрлі депрессивтік күйлер туындайды.**

Жасөспірім үш «бітпес» проблемаларды басынан өткереді:

- * қиындықтарды жеңудің мүмкін еместігі
- * бақытсыздықтың бітпеуі
- * қамығу мен жалғыздыққа жан төзбейді

Торыққан жасөспірім үш «болымсыздықпен» күресуге мәжбүр:

- * шарасыздық,
- * әлсіздік,
- * үмітсіздік.

Бұл күрестің барысында ол өзін ештеңеге пайдасы жоқ, ештеңе қолынан келмейтін адаммын деген қорытындыға келіп, өзіне өлімге үкім шығаруы мүмкін.

Мынадай жағдайлар мен проблемалар суицидогенді (суицидке итермелейтін) факторлар болуы мүмкін:

- **Алкоголь мен есірткі** тұтыну (статистикаға сәйкес, бұл фактор 75% жағдайларда суицидалдық мінез-құлыққа себепші болады).
- **Тұлғааралық жанжалдар, олар кейде тым әсіреленіп қабылданады, мәні мен ауырлығы жүрекке тым жақын тиеді, сондықтан ішкі дағдарыс пен оқиғаларды драмаландыруға түрткі болады.** Жауапсыз махаббат пен қызғаныш, жақын адамыңның сатқындығы, жалғыздық, біреудің аяушылық сезімін оятуды қалау, құрдастарына немесе сүйікті қаһармандарына еліктеу. Сабақ үлгірімі нашар оқушыға бағытталған үнемі болатын күлкіге айналдыру жағдайлары және олардың тұрақты түрде өзін қорсынуы да, сонымен қатар қошеметке үйреніп қалған және ата-анасын ұятқа қалдырғаны үшін ұят пен реніш сезімін жеңе алмайтын дарынды жасөспірімнің күтпеген сәтсіздігі де суицидке алып келуі мүмкін. Көптеген үздік оқушыларға өз шешімдеріне жалғыз дұрыс шешім осы деп қарау және оларды бұлжытпай орындау тән. Жеңілісті бастан өткеру кезінде мінездің бұл ерекшелігі дарынды жасөспірімді көп жағдайда жанкешті қадамға итермелейді.
- **Жалығушылық.**

Басқа да суицидогенді факторлар:

- Ата-ана отбасының шайқалуы, ата-ананың ажырасуы, жасөспірімнің уайым-қайғыларына туғандары мен жақын адамдарының аяушылықпен қарамауы, теріс қылығы немесе айыптылығы үшін жазаланамын ба деп қорқу, ата-ана махаббатың шын мәнінде немесе жорымалы жоғалту, ата-анасының маскүнемдігі, отбасы тәрбиесіндегі қателіктер: отбасында жиі болатын жанжалдар, қатыгездікпен қарау, кінәлай ма деп қорқу.
- Тамақтану мәнерінің бұзылуы. Жақында анорексия және булимия секілді тамақтану мәнері бұзылған жасөспірім қыздарда суицидалдық тәуекелдің айқын жоғары болуы дәлелденді.
- Мұғалімімен жанжал – әділетсіздікке қарсы шығу немесе жазадан немесе масқара болудан қорқу.
- Жақын адамының өлімі.
- Физикалық, моральдық, сексуалдық зорлық-зомбылық, жазықсыз балағат, ортаның құдалауы.
- Өзін-өзі бағалаудағы қақтығыстар, асқан қиялшылдық (шындықпен бетпе-бет кездескендегі психожарақат), «философиялық улану», өмір мәнін жоғалту дағдарысы.

Отбасы тәрбиесіндегі жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқына себепші болуы мүмкін қателіктер.

- **БІРІНШІ ҚАТЕ.** Ата-ана ерікті немесе еріксіз түрде балада кінә сезімін тудырады «Сен өз ісіңмен, бағаларыңмен мені ренжіттің»; «Біз жазда теңізге бармаймыз, себебі сенің екіліктерің бар. Егер сен болмағанда біз тамаша демалар едік, сен біздің барлық жоспарларымызды бұздың» және т.б. Егер ата-ана баласына көңіл күйлерінің төмендігіне, оларға қаншалықты реніш әкелгеніне оның қаншалықты қатты кінәлі екенін айтудан жалықпаса, олар өзін-өзі іштей жейтін адамды тәрбиелеп шығарады. Жасөспірім бар кінәні өзіне артады және қарсылық белгісі ретінде керісінше жағдайды дәлелдегісі келеді: «Мен өлем, сосын сендер кінәлі болып қаласыңдар!».

ЕКІНШІ ҚАТЕ. *Ата-ана баласының күн тәртібін, оқуын, тіпті көңіл күйін қатаң бақылауда ұстайды.* Бұндай ата-аналар өз баласының болмашы эмоционалдық уайымына жауапкершілікті өздеріне алады. «Ол жылады немесе шаршады ма – демек біз оған жайлы жағдай жасай алмағанымыз». Нәтижесінде өзі үшін, өз істері үшін жауап бере алмайтын балалар өседі. Жасөспірімдік жаста тәрбиенің осы түрі берілген кезде қиын жағдайларда туындайтын шарасыздық сезімінің өзіне қол жұмсау себебіне айналатын жағдайлар жиі кездеседі.

ҮШІНШІ ҚАТЕ. *Ата-ана баласына өзінің соңғы ойыншығы секілді қарайды.* «Оқудың не қажеті бар – ол әлі кішкентай ғой! Оған спортпен айналысудың қажеті не – ол сондай әлсіз! Есесіне ол сондай сүйкімді!». Бұл балалардың оқиғаларды күтуді және жоспарлауды үйрене алмауына, алдына мақсат қойып оған жетуге ұмтылмауына әкеп соғады.

ТӨРТІНШІ ҚАТЕ. *Ата-ана бала өміріндегі барлық жағдайды сыртқы себептермен түсіндіруге тырысады, адамның өз тағдыры мен сезімдеріне өзі қожа болу мүмкіндігін ескермейді.* Бұндай тәрбие эмоционалдық күйлердің сыртқы ортаға тәуелділігіне және қиындықтарды өз күшімен жеңу мүлде қолынан келмейтін жағдайға әкеп соғады.

БЕСІНШІ ҚАТЕ. *Ата-ана үнемі баласын қателікке ұрынудан қорғайды.* Нәтижесінде балада жетістікке жету мотивациясынан гөрі, қашу мотивациясы басымдыққа ие болады. Бір адамдар көп нәрсеге қол жеткізуге ұмтылады, басқалары қателік жасаудан қорқады. Қателік жасаудан қорқу болашаққа жарқын көзбен қарау қабілетін жоғалтуға әкеп соғады, салдарынан өмірдің мәні де жоғалады.

Тәрбиедегі олқылықтар – өмір бойы қойылатын диагноз емес. Ата-аналарға өз қателігін дер кезінде аңғару және тәрбие стилін өз бетінше немесе психологтың көмегімен өзгерту қажет.

Баланы суицидтік ниеті туралы белгілер.

- Әдеттегі өзін ұстау мәнеріндегі көзге көрінерлік өзгерістер.
- Ұйқының жетіспеушілігі, қатты ұйқышылдық.
- Тәбеттің төмендеуі, ашылуы.
- Мазасыздық белгілері.
- Үнемі шаршау белгілері.
- Сыртқы келбетінің салақтығы немесе сыртқы бейнесіне педанттылықпен қарау.
- Физикалық науқастығына шағымдардың күшеюі.
- Көңіл-күйінің жылдам өзгеруіне бейімділік.
- Отбасынан, достарынан алыстау.
- Күш-қайратының төмендеуі.
- Клубтарда, үйірмелерде жұмыс істеуден бас тарту.
- Іс-әрекеттеріндегі тым жоғары тәуекелдік.
- Өлім туралы немесе ана өмір туралы ойлардың шырғауында қалу.
- Күтпеген жерден ашушаңдық немесе асқан мейірімділік таныту.
- Алауңдаушылық сезімінің күшеюі.
- Айқын білінетін үмітсіздік.
- Алкогольге, есірткіге үйір болу, оларды тым көп қолдану.
- Бағалы мүлікті сыйға тарату.
- Барлық істерін жөнге келтіру.
- Өз жаназасы туралы әңгімелер.
- Өмірден кететіні туралы жазбалар жазу.
- Сөзбен айтылатын мәлімдемелер: «Өмірді жек көрем», «Олар маған істегендеріне өкінетін болады», «Бұған бұдан былай шыдай алмаймын», «Мен өзіме қол саламын», «Мен ешкімге керек емеспін», «Бұған әлім жетпейді».

Жасөспірімдер суицидінің алдын алу және болдырмау шаралары.

- Суицидологтар сеніммен айтады: кең таралған қоғамдық пікірге қарамастан, өзіне қол салуға ұмтылыстарды көп жағдайда алдын ала білуге және оған жол бермеуге болады. Өзіне қол жұмсаған жасөспірімдердің көбісі бұл қадамға бармас бұрын ол туралы айтуы бұған дәлел бола алады: суицид әрекетін жасаған жасөспірімдердің 70–80% оған дейін осындай ниеттері туралы айтқан, 10–15% кейіннен өзіне қол жұмсау арқылы өмірімен қош айтысқан.
- Өзіне қол салуға әрекеттену — бұл жасөспірімнің өзіне, өз қайғысына назар аудартқысы келуінен немесе айналадағылардың аяшылық сезімін оятқысы келгенінен туындаған жан айқайы. Бұл әрекеттің мақсаты міндетті түрде өлгісі келу емес, осындай қиын тәсіл арқылы айналадағыларға өзіне назар аудартуға ұмтылыс.

Ата-ана жасөспірім балаларға мыналарды үйретуі қажет:

- **көңіліңді барлық жақсылықтарға аудару;** қоршаған әлемді кедергілер тұрғысынан емес, мүмкіндіктер тұрғысынан көре білу;
- физикалық жаттығулар мен оңтайлы тамақтану көмегімен **өзіңді күту;**
- құрдастармен және ересектермен **ынтымақтаса білу;** түсіністікпен қарауды және әлеуметтік қолдауды қабылдау; біреуден көмек сұраудың еш сөкеттігі жоқ екенін ұмытпау;
- **өз мүмкіндіктеріңді** өзің шын мәнінде қалайтын салаларда, спортта, биде, саяхатта, өнермен – кескіндемемен, фотографиямен, дизайнмен шұғылдандыру; жасөспірімнің қызығушылықтары мен сабақтары неғұрлым көп болса, ол соғұрлым жағымсыз факторлардың жетегінде кетпейді және проблемаларды шешудің қашу секілді стратегиясын пайдаланудан аулақ болады; түрлі үйірмелер мен курстарға бару жасөспірімнің ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар оған көбірек дос пен қолдау табуға көмектеседі.

СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ маңызды элементі жасөспірімдер ДЕПРЕССИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ болып табылады, бұл жерде де ата-ана маңызды рөл атқаруы тиіс. Жасөспірімде төмен көңіл-күй және депрессивтік күйдің басқа да белгілері байқалған кезде, бірден оған осы күйден шығуға көмектесу үшін шаралар қабылдау қажет.

- Біріншіден, баламен әңгімелесу, оның денсаулығы мен көңіл-күйі туралы, оны не мазалайтыны туралы сұрақтар қою, болашақ туралы сұхбат құру, жоспарлар құру қажет. Әңгімелесу позитивті болуы қажет: баланы «қашанда тұнжырап жүресің» және «күңкілдейсің» деп кінәлаудың пайдасы жоқ. Оның өзі де уайымнан қуана арылар еді! Сондықтан, кінәлау мен ашуланудың орнына, оның сезімдері мен эмоцияларын түсінетініңізді көрсету қажет, оның тұлғасының жағымды жақтары мен ресурстарын көрсету, өзіне деген сенімін нығайту, өз проблемаларын өзі жеңе алатынына және алға қойған мақсаттарына жете алатынына жігерлендіру қажет. Жасөспірімді басқа одан жақсы оқитын, жігерлі, пысық балалармен салыстырмау қажет. Бұндай салыстырулар жағдайды қиындатып жіберуі мүмкін және оның онсыз да төмен өзін бағалауын төмендетіп жібереді. Бүгінгі жасөспірімді бүгінгі күнгі бейнесі мен өткен күнгісін ғана салыстыруға болады, сөйтіп оның ертеңгі позитивті бейнесіне ұмтылуға жағдай жасау керек.
- Екіншіден, жасөспірімнің әдеттегі өміріне әртүрлілік енгізу қажет; жаңа істермен айналысу немесе оған қандай да бір жаңа іс іздеген дұрыс. Мысалы, оны тренажер залына жазу. Баламен көбірек уақыт өткізудің маңызы зор: жаңа серуен маршруттарын белгілеп жаяу серуендеу; демалыс күндері қызықты экскурсияға, киноға, концертке, көрмеге бару; үйдегі міндеттерді орындаудың жаңа тәсілдерін ойлап табу; үйде толық тазалау жұмысын жүргізу. Баламен келісім бойынша ол жақсы көретін үй жануарын — ит, мысық, алақоржын, тотықұс немесе балықтар асырауға болады. Үй жануарына қамқор болу баланың ойын жинақтайды, жағымды эмоциялар береді, белсенділігін оятады.

ДЕПРЕССИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ.

- **Үшіншіден,** жасөспірімнің күн тәртібін сақтауын қадағалау қажет: ұйқысы қанғанын, дұрыс тамақтанғанын, таза ауада жеткілікті уақыт болғанын, қозғалмалы спорт түрлерімен айналысқанын. Жасөспірімнің физикалық саулығы жіті назар аударуды қажет етеді, себебі депрессия психофизиологиялық күй.
- **Төртіншіден,** ата-анаға өз құдыреттілігіне сенім артпай, басқа да көмектің ықтимал көздеріне көңіл бөлген пайдалы: жасөспірімнің достарына, психологтарға, психотерапевтерге. Егер жасөспірімді мамандарға (психологқа, дәрігерге) жүгінуге көндіру қолдан келмесе, ата-аналар балаға көмек көрсету стратегиясын бірге жасау үшін, оларға өздері жүгінуіне болады.

Өзіне, басқаларға қатысты пессимизмді, сыншылдықты, күдікшілдікті жеңудің пәрменді құралы «Жақсы жаңалықтар диетасы» деп аты дәл айтылған әдістеме болып табылады.

- Әрбір отбасы мүшесі күні бойы өзін мақтауға тұрарлық кем дегенде үш ойын, эмоциясын, іс-әрекетін есте сақтауға міндеттенеді. Кешке, кешкі ас үстінде отбасы арасында әрқайсысы жақындарымен өздерін осылай бақылаудан алған әсерлерімен бөліседі.
- Бұл жағымды сәттерді тағы бір рет бастан өткеруге көмектеседі, сондай-ақ туған адамдарға бір-бірінің табыстарын бағалауға, қолдау танытатын жылы сөздер айтуға мүмкіндік береді.
- Егер жасөспірім жақындарымен осындай қарым-қатынасқа дайын болмаса, оған өткен күннің жақсы сәттерін жалғыздықта, ұйқы алдында еске түсіру ұсынылады.
- Осылайша, ол 1) өмірінен өзінің ішкі көкірек көзімен сөзсіз жағымды болып табылатын жайттарды аңғаруды үйренеді; бұны өзінің шамшырағы етеді; 2) өзіне, жақын адамдарына және өміріндегі оқиғаларға өзі мен өз өмірі туралы түсінікті бұрмалайтын жағымсыздық белгілерін таңуды тоқтатады.
- Бұл «диетаны» жүзеге асыруға бүкіл отбасын тарту отбасы ішілік қарым-қатынасқа жемісті даму векторын береді, бір-бірінің бойынан жақсы қасиеттер көруге үйренеді.

№4 ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУ.

Тату отбасы, бақытты балалар – Мемлекет гүлденуінің сенімді іргетасы.

Отбасының беделін арттыру және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайту – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі.

*Берік жұбайлар одағы, ата-ананы құрметтеу, ана болу, әке болу, өзара құрмет пен сенім, адалдық пен махаббат – бұл отбасылық өмір салтының және үздік отбасылық дәстүрлердің негізі, бұл **БАСТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР***





БАЛАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ: өз баласына кішкене күнінен бастап әр адамның өмірінде отбасының маңыздылығын түсіндіру, бала отбасының кез келген жағдайда келуге болатын орын екенін: бұл жерде сені түсінетінін және қолдайтынын, жасаған қателігіңді жөндеуге көмектесетін, болашақта қателікке ұрынбауға үйрететін орын екенін ұғынуы тиіс

жұмыс аса қауырт болған күннің өзінде, күн сайын балаңызбен және ата-анаңызбен сырласу, оларға махаббатыңды сездіру үшін уақыт табу қажет екенін ұмытпау;

баланың қызығушылықтары мен жас ерекшелігін ескере отырып, онымен ортақ демалыс ұйымдастыра білу;

жалпыұлттық, сонымен қатар, отбасыішілік отбасылық дәстүрлерді сыйлау және қолдау.

Өз балаңыз үшін дос, кеңесші, қорған болыңыз!





Жағымды адамгершілік қасиеттер – еңбекқорлықты, шыдамдылықты, жұмсақтықты, ұқыптылықты, кішіпейілділікті, адалдықты дарыту арқылы болашақ отағасын кішкене күнінен бастап өсіру қажет.



Бала отбасын құрметтеу және бағалауы үшін, ата-ана өзінен бастауы керек. Егер отбасында береке болмаса, күйеуі мен әйелі үнемі ұрысатын болса, баласы үшін уақыт таппаса, балаға дәл осындай отбасы қалыпты, дұрыс болып көрінеді. Есейген соң, ол да ұрыс-керіс пен жанжалды жағдайда өмір сүретін болады. Және ата-анасымен араласуға, оларға қамқорлық танытуға уақыт таппайды.

Бұл жерден шығатын қорытынды: өз балаң үшін отағасының жағымды үлгісі болуға тырысу қажет! Өз жақындарыңды жақсы көру, оларға қамқор болу, көңіл бөлу, адалдықты сақтау, алғыс айта білу, отбасылық дәстүрлерді көзіңнің қарашығындай сақтау қажет.

Отбасылық құндылықтарды нығайтудың тамаша құралы отбасы тақырыбына арналған көркем әдебиетті бірлесіп оқу және талқылау болып табылады. Бұл бала бойына мейірімділік сезімін дарытуға, жағымды әсерлер алуға және отбасына, ата-анасына, аға-іні, әпке-қарындас, ата-әжесіне қамқорлықпен қарауға жағымды мотивация береді.



Отбасы бар жерде, тыныштық пен береке.
Отбасында жанжалдар болмасыншы.
Отбасын аялаңыз, бағалаңыз,
Себебі ол бәріне – тағдыр, тірек!

Бұл жерде қуаныш пен қайғыны бөліседі,
Жетістікті бағалап, кеңестер береді.
Кәріні де, баланы да құрметтеп,
Ошақтың жылуын өшірмейді.

Отбасын бағалаңыз – бұл үлкен бақыт,
Жақсы көріп, бағалап, күтетін орын.
Отбасын сақтаңыз – бұл мейірім мен береке,
Мекендейтін қасиетті құндылық!

№5 ТАҚЫРЫП. Жасөспірімдер ортасына деструктивті діни ағымдар енгізудің алдын алу шаралары.

Мектепте діни атрибутка кичуге тыйым салу. Әрбір мектеп оқушысын бірыңғай үлгідегі мектеп формасымен қамтамасыз ету – ата-ананың әлеуметтік маңызды міндеті.



Қазақстан Республикасы – көпұлтты көпконфессиялы мемлекетте – барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ету секілді нәзік мәселенің маңызы ерекше.

Еліміздің басты Заңы – Конституцияда мемлекеттің зайырлылық сипаты белгіленген.

Зайырлылық принциптері қандай да бір діннің артықшылыққа ие болуына жол бермейлі

Қазақстандық білім жүйесі ата-анасының діни нанымына қарамай әрбір баланың орта білім алуына жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге бағытталған. Және балаларды өнерге, спортқа және зияткерлік дамуға баулу арқылы білім беріп қана қоймай, олардың тұлғалық дамуын көздейді.



Ислам діні бүкіл адамзатты білім алуға шақырады.

Балаға зайырлы білім беру – бұл әрбір ата-ананың азаматтық және мұсылмандық парызы.

Қазақстандағы мектептер зайырлы сипатта.

Дәл осы себеппен 2016 жылы Қазақстанның білім және ғылым, әділет, дін істері және азаматтық қоғам министрліктері **қыз балаларға діни атрибутика киюге тыйым салу туралы жариялаған.**

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрықпен мектеп формасы үшін бірыңғай қағидалар енгізді.



Заңнама нормалары Қазақстандағы барлық конфессиялар мен этностар өкілдері үшін бірдей болып табылады.

Бұл дегеніміз:

әрбір мектепте қатаң бекітілген киім формасы бар, және ол барлық мектеп оқушыларында болуы қажет. Ештеңе баланың көңілін білім беру процесінен басқа жаққа аудармауы тиіс: бірыңғай мектеп формасының міндеті балалар ұжымын бөлу емес, керісінше біріктіру.

Бірыңғай мектеп формасы – бұл кең таралған халықаралық тәжірибе.
Ол экстремизмнің алдын алу құралы ретінде қоғамдық қауіпсіздік жайлы ойлардан туындаған, *себедіни атрибутика, мектеп оқушысының діни тиесілігін ерекшелейтіндіктен, оқушылардың бөлінуіне, дінаралық алауыздық туындауына себепші болуы мүмкін* .



Қыздарының діни атрибутика киюін қолдайтын ата-аналар сол арқылы зайырлылық принциптерімен және тарихи тұрғыда қоғамымызда қалыптасқан рухани теңдік құндылықтарымен келіспейтіндерін білдіреді;

• қоғамымыздың басқа мүшелеріне кері әсер етеді, біздің азаматтарымыздың көпшілігінің ашуы мен ызасын тудырады.

Зайырлы білім және онымен байланысты нормалар мен қағидалар ата-аналар мен олардың балаларының дінді таңдау еркіндігін **шектемейді**, мектеп оқушыларының діни сезімдерін **аяқасты етпейді**.

Өз мемлекетіңнің заңдарын сақтау және құрметтеу – әрбір азаматтың маңызды міндеті.



Ата-аналарға қыздарының міндетті зайырлы білім алулары үшін көбірек көңіл бөлуге кеңес береміз.

Сіздер сапалы білімнің баланың, қыз баланың да, ер баланың да тұрақты болашағының кепілі екенін ұмытпауларыңыз керек.

Қыздарына зайырлы білім бере отырып, мұсылман ата-ана өз отбасы шеңберінде оларды діни дәстүрлермен таныстыруы, салттарды ұстану тәжірибесін беруі тиіс. Олардың ата-аналық борышы да, ата-ана ретіндегі жауапкершілігі де осында.

Отбасында нағыз мұсылман болыңыздар – сонда қыздарыңыз сіздердің тәжірибелеріңізді бүкіл өміріне жетерлік етіп бойына сіңіреді. Өз үлгіңмен тәрбиелеу – әлемдегі ең жақсы тәрбие!



«Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар)»!

Әрбір ата-ана ұмытпауы керек: оның өмірі, оның мінез-құлқы – бұл бала үшін үлгі.

Балаларыңыздың жақсы болғанын қалайсыз ба – жақсы тәрбиеші болу аз. Жақсы адам болыңыздар!

№6 ТАҚЫРЫП. Жасөспірімдер ортасындағы девианттық мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Жасөспірімдер ортасындағы құқық бұзушылықтар (ұрлық, дене жарақатын салатын төбелестер), өзін лайықсыз ұстау (мектеп оқушыларының темекі шегуі, алкоголь мен есірткі тұтынуы), буллинг (сыныптастарына психологиялық қысым көрсету) секілді құбылыстар мектеп пен ата-аналардың, бүкіл қоғамның ерекше алаңдаушылығын тудырады. Кейде бұл құбылыстардың барлығы жасөспірімдер ортасына орманға тасталған бір тал сіріңкеден тұтанған өрт секілді таралады: осындай бейімділігі бар бір-екі жасөспірімнің пайда болуы олардың құрдастарына қатты әсер етеді.

Өз балаңды жаман ортаның жағымсыз ықпалынан қалай қорғауға болады?

1-КЕҢЕС.

Баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударыңыз. Оның көңіл күйінің жылдам өзгеруі, жабырқаңқылығы, бұрын оған тән болмаған басқа да реакциялары Сізді алаңдатуы тиіс.

Жасөспірім балаға тән қарсы шығушылық, кейде тіпті баласын жақсы түсінетін және жақсы көретін ата-ананың өзі баласының жаман ортаға түскенін бірден аңғармайтын жағдайға әкеп соғады.

2-КЕҢЕС.

Балаңызды бас тарта білуге дағдыландырыңыз. Өмір көп жағдайда жаман ортаға түсудің алғашқы қадамы «Сен бұны істей алмайсың ба?» деген сөзге лайықты қарсы сөз айта алмау екенін көрсетеді.

Бала өзіне араласатын достар таба алмаса, бұл оған өте ауыр тиеді. Ол өзін оған ешкім жоламайтын, басқаларға ұқсамайтын «ақ қарға» сезінеді. Сондықтан, өзі үшін маңызды топтың құптауын жоғалтпау үшін, бозбала немесе бойжеткен шын мәнінде өздеріне ұнамаса да, топтың ережелерін орындайды, оның заңдарын ұстанады. Себебі көп жағдайда жасөспірімдер тобы – бұл ортақ қызығушылық біріктіретін қоғамдастық емес, шығармашылық, жасампаздық атаулыға оң қызығушылықтың жоқтығымен біріккен қоғамдастық.

Өз көзқарасын, өзінің пікірі мен құндылықтарын қорықпай білдіре алатын жасөспірім құрдастарының сыйластығын жоғалтпай кез келген «азғыруларға» төтеп бере алады.

3-КЕҢЕС.

Балаңыздың жаңа ортасына байланысты үрейге бой алдырмаңыз. Мән-жайдың анық-қанығына жетіңіз .

- * Баланың араласатын ортасы туралы жағдайды біліп алу үшін, баламен айқайсыз, кінәлаусыз және балағатсыз тілектестік ниетінді білдіріп сабырлы түрде әңгімелесу керек. Сіздің агрессивтілігіңіз жағдайды одан сайын ушықтырып жіберуі мүмкін, себебі жасөспірім әуел баста барлығына, оның ішінде сізге де қырсығып әдейі қарсы әрекет етуге барады; Сіздің ашуыңыз оны одан әрмен желіктіріп, өзінің дұрыстығын дәлелдеймін деген тілегін күшейтеді.
- * Сіз балаңыздан жаңа компанияда не туралы сөйлесетіндерін, қалай уақыт өткізетіндерін, оның бұл қатынастарды болашақта қалай көретінін байсалдылықпен ақырындап сұрасаңыз, алаңдаушылықтарыңыз бекер болып шығуы және балаңыздың жаңа достары соншалықты жаман балалар болмауы мүмкін. Әрине, шығарған қорытындыларыңызда сіз өз пікіріңізге сүйенуіңіз керек. Бірақ өзіңіз жеке танымайтын адамдар туралы сыртынан мінеу өте екіұшты.

4-КЕҢЕС.

Балаңыздың ортасы туралы жеке және объективті түсінік қалыптастыру үшін, ондағы балалармен танысуға тырысыңыз. Оларды қонаққа шақырыңыз, олармен ақырындап сөйлесу үшін, ортақ іс-шаралар ұйымдастырыңыз.

Егер жасөспірім оның ата-анасының достарымен жақын араласуын қаламаса және жолдастарын үйге әкелгісі келемесе, бұндай жағдайда сырттай танысумен шектелуге тура келеді. Балаңыздың достары туралы әңгімелерін ынтамен тыңдаңыз, оның пікіріне құлақ түріңіз.

Бастысы, мінез-құлықтағы қандай да бір жағымсыз детальды байқап қалсаңыз: «Сенің жолдасың өзін солай ұстаса, жаман бала екен! Ал сен онымен дос боласың, оның істеріне сүйсінесің – олай етуге бола ма екен?», - деп айтуға болмайды.

Есіңізде болсын: ұлыңыздың, қызыңыздың немесе олардың достарының мінез-құлқын тек олардың сіздің жеке талғамыңызға сай болмағаны үшін ғана сынға алуға болмайды.

5-КЕҢЕС.

Сіздің жасөспірімнің кіммен араласатынын шеше алмайтыныңызға қарамастан, достар таңдаудың дұрыстығына қатысты күдікті оның басына құю Сіздің қолыңыздан келеді.

Мысалы, егер жасөспірім бұзақылар компаниясына түсіп қалса, бұның барлығы болашақта неге әкеп соғатынын білдіртпей көрсетуге кеңес беріледі. Үстел үстіне әлдебір ұсталған қылмыскер туралы мақала жазылған газет қалдырып кетіңіз, бірге отырып осындай сюжетті ғибратты фильм қараңыздар.

6-КЕҢЕС.

Балаңызға деструктивті қарым-қатынасқа балама көрсетіңіз. Оның назарын спортқа немесе басқа да қызықты істерге аударыңыз: оның қызықты жерлерге баруын, дамыту үйірмелеріне (тіл, көркем даму және т.б.) жазылуына ықпал етіңіз.

Өркениеттің дамуы, ақпараттық-техникалық жетістіктер ХХІ ғасыр адамына қызықты, шығармашылыққа толы өмір сүру үшін көптеген мүмкіндіктер береді.

Бірақ, өркениет игіліктерін пайдалану үшін, адам көп нәрсені білуі және көп нәрсені істей алуы қажет. Шет тілдері, компьютерлік бағдарламалау, дизайн шеберліктері және т.б.

Бұлардың барлығын жасөспірімдік шақта үйренбегенде, қашан үйренеді?

Балаңызды ынталандырыңыз: өзіне ұнайтын мектептен тыс үйірме таңдауға көмектесіңіз.

7-КЕҢЕС.

Әрбір ата-ана қандай әдістердің жұмыс істемейтінін ұмытпауы керек:

- достарымен кездесуге үзілді-кесілді және дүрсе қоя беріп тыйым салудың қажеті жоқ;**
- жасөспірімді үйде қамап ұстауға болмайды;**
- жазалаудың физикалық әдістерін қолдануға болмайды.**

Ата-ананың міндеті – баланың өзі бұндай ортада қызықсыз, зиянды, пайдасы жоқ екенін түсінетіндей етіп және жаман ортадан өз еркімен шығып кететіндей етіп баласын дұрыс жолға түсіру.

8-КЕҢЕС.

Спортпен шұғылдану – лайықсыз, деструктивті ортамен араласудың орнына пайдаланатын тамаша балама.

Егер сіз балаңыздың біреумен жиі төбелесетінін байқасаңыз, оның энергиясын дұрыс арнаға бағыттаңыз. Шығыс жекпе-жегіне жіберіңіз – ол жерде бала спортпен де шұғылданады, жасөспірімге тән арынды энергияны да шығарады және қажет болған жағдайда өзін қорғауды үйренеді.

Бәлкім, спорт оның бойында өмірге жақсы көзқарас қалыптастырып қана қоймай, өзі араласып жүрген компанияның жақсы орта емес екенін түсінуге де көмектесер.

«Жұмысы көп араның қайғыменен ісі жоқ» мәтелі бәрімізге белгілі. Расында да, біз жалқаулықты барлық кеселдің анасы деп дұрыс атаймыз. Жасөспірімнің жасампаз іспен айналыса алмауы және оны қаламауы – «жаман ортаға» түсудің ең оңай жолы.

Ата-анаға өз баласының кішкене күнінен бастап оның күн тәртібін жоспарлай білу қажет. Баланың бос уақытын оның әрбір күні «Ермектен гөрі еңбекті ескер» деген белгілі мәтелге сай болатындай етіп ойластыру қажет.

9-КЕҢЕС.

Үнемі туындайтын қиындықтарға қарамастан, берілмеңіз!

Мойымаңыз, өз балаңызға деген махаббатыңыз бен құрметіңізді жоғалтпаңыз.

- * Жасөспірім бұза бастайтын ережелерді, ол ысырып тастауға тырысатын шеңберлерді ата-ана жаңаша бағалауы тиіс.
- * Баламен бірге өзара әрекет етудің жаға ережелерін ойлап табу қажет.
- * Ата-ананың қырсықтығы мен қасарысуы жасөспіріммен эмоционалдық және физикалық байланыстың толығымен жоғалуына әкеп соғады.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН: Өмірде кездесетін жағдайларды түсіндіруде ата-ана шыдамдылық, төзімділік, ынталылық және көрегенділік танытпаса, кішкентай проблемалар үлкен отбасылық жанжалдарға ұласады.


№ 7 тақырып. Ата-ананың өзін-өзі талдауы.

Жақсы

ата-анаға

қажетті

8 қасиет.



БАЛАЛЫҚТЫ ҚОРҒА

**КЕЗ - КЕЛГЕН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТӨТЕНШЕ
ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ**

111

**ТЕЛЕФОНЫНА
ХАБАРЛА**

www.bala-qqk.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЛАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ • ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

Шешілмейтін мәселе жоқ!

+7•7172•74•25•28

Неразрешимых проблем не бывает!

Құрметті ата-аналар!

**Сіздерге және балаларыңызға
барлық істеріңізде табыс тілейміз!**

Бақытты болыңыздар!

